

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/RSEG3592>

***Қ. Қ. Мәдібаева¹, Д. А. Қонаев², Ш. М. Әмірбаева³**

^{1,2,3}М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2396-1467>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0355-5514>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3168-6020>

*e-mail: samirbaeva@gmail.com

МҰХТАРТАНУҒА ҚОСЫЛҒАН ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕР

Бұл мақалада көрнекті абайтанушы, мұхтартанушы, ғұлама ғалым Қайым Мұхамедхановтың бұрындары белгісіз болып келген, жарияланым көрмеген мол мұрасы қарастырылады. Мұхтартану тарихындағы Қайым Мұхамедхановтың зерттеулері бұрындары баспасөз беттерінде бірлі-жарым жарияланып жүргенімен арнайы ғылыми айналымға түсе қоймаған еді. Себебі бертінге дейін жарияланым көрмеген, ғалымның жеке архивінде сақталған мол мұра, әсіресе мұхтартануға қатысты құнды тарихи деректер, мұрағаттық материалдар, нарратологиялық мәтіндер соңғы жылдары ғана ғалым қайраткердің қызы, «Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қорын басқаратын Дина Мұхамедханның еңбектерінде көрінді. Соның бір дәлелі – Мұхамедхан Динаның «Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и Ученик: Мухтар и Каюм (қазақ және орыс тілдерінде) атты еңбегі. Мұрағаттағы құнды қолжазбаларды қайта қарап, сүзгіден өткізіп, қазіргі уақыт талабына сай абайтану, алаштану, шәкәрімтану, мұхтартану салаларындағы ұлан-ғайыр еңбектерін жүйелеп, жариялап, зерттеу – бүгінгі мұхтартанудың маңызды тақырыптарының бірі. Қ. Мұхамедхановтың жеке архивіндегі ұлы суреткердің өмірі мен шығармашылығына қатысты қаншама құнды деректер бүгінгі қазақ әдебиеттануы мен мұхтартанудағы зерттеулерге негіз болады.

Мақалада мұхтартанудағы ғылыми дискурстар әлемі, осы күнге дейін жалты әдеби, ғылыми ортаға беймәлім болып келген нарратологиялық мәтіндер, тың тарихи деректер, архивтік құжаттар ғылыми айналымға түседі.

Кілтті сөздер: қолжазба, мұхтартану, әдебиеттану, архив, мұражай, нарратология

Кіріспе

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – Д. Мұхамедханның «Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и Ученик: Мухтар и Каюм» атты еңбегіндегі беймәлім мұралар, ұлы ұстаздың шәкірті Қ.Мұхамедхановтың нарратологиялық естеліктері, бұрындары жарияланым көрмеген материалдарға талдаулар жасалады. Алаштанушы, абайтанушы Қ.Мұхамедхановтың әдеби мұраны жинау, сақтау, дерекнамалық, мәтінтанымдық негіздегі зерттеулері әдебиет тарихы, тұлғатану бағыты бойынша зерттеу жүргізілді.

Зерттеу мақаласының негізгі мақсаты – мұхтартанудағы соңғы жылдары жарық көрген зерттеулердегі, әсіресе зерттеу нысанына айналған Д.Мұхамедханның «Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и Ученик: Мухтар и Каюм» атты еңбегіндегі беймәлім мұраларды ғылыми айналымға ендіру. Мақсатқа сай келесі міндеттер қойылды:

- Д. Мұхамедханның еңбегіндегі мұхтартануға қосылған құнды тарихи, архивтік деректерді анықтау;

- Қайым Мұхамедхановтың нарратологиялық мәтіндеріндегі әдеби фактілерді мұрағаттық мәтіндер негізінде талдау.

- Д. Мұхамедханның еңбегіндегі ұлы ұстаз Мұхтар Әуезов пен шәкірті, рухани серігі болған Қайым Мұхамедхановтың арасындағы әдеби, ғылыми дискурс мәселелері бүгінгі мұхтартанудың зерттелуге тиісті өзекті мәселелері әрі маңызды тақырыптарының бірі.

Материалдар мен әдістері

Берілген зерттеу жұмысында тарихи-салыстырмалы әдіс, ғылыми тұжырымдар мен әдеби талдау әдістері қолданылды. Д. Мұхамедханның еңбегіндегі мұхтартануға қатысты материалдар мүмкіндігінше молынан алынып, сілтемелер арқылы дәлелденіп, әдебиет тарихын зерттеу тәжірибесінде жүзеге асырылды.

Нәтижелер және талқылау

Осы күнге дейін жарық көрмеген, өзінің жеке архивінде сақталған Қайым Мұхамедхановтың Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына қатысты қаншама құнды құжаттар сөйлейтін Д. Мұхамедханның «Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и Ученик: Мухтар и Каюм» атты еңбегіндегі беймәлім мұралар қазіргі қазақ әдебиеттануына қосылған мол мұра, көп олжа [1].

Бүгінгі мұхтартануға қосылған қомақты әрі құнды еңбекте Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедхановтың тек екеуінің арасында ғана болған әдеби әңгімелері, эпистолярлық мұралары, абайтануға қатысты сұхбаттары,

пікірлері, көзқарастары, ойлары, бірнеше жылға созылған әдеби, ғылыми дискурстары, бүгінгі ғылыми ортаға бейтаныс өмір деректері, беймәлім қолжазбалары туралы танымдық тұрғыдан мәліметтер беріледі. Ғалымның қызы Динаның міндеті мен мақсаты арнайы ғылыми зерттеу жұмысын жазу емес, әкесінің жеке архивінде жатқан бұрындары жарияланбаған қолжазбаларын жүйелеп, жариялау және өзі естіп білген, әке өсиеттері мен әңгімелерін бүгінгі ұрпаққа жеткізу ғана болса керек. Соның өзінде көрнекті ғалым Қайым Мұхамедхановтың көпшілікке бейтаныс сыры, ұлы ұстазымен арадағы әңгімелері, сұхбаттары, хаттар мен жеке кездесулердегі пікірталастары, диалогтері, әдеби мұралары жарияланып, ғылыми айналымға дәнекер болып отыр. Бұл, әрине, М. Әуезовтің шығармашылық зертханасын, шығармашылық психологиясын терең тануға, әсіресе «Абай жолы» романының жазылу, оған материалдар жинау тәжірибесінен, ол деректердің нақтылығын анықтаудағы творчестволық ізденістерінен мол мағлұматтар береді. Жазушының шығармашылық әлемін, тіпті жеке тұлғалық табиғатын, кісілік қасиетін тануға да себеп болар тарихи фактілер еңбекте жеткілікті.

Мұхамедхан Дина «Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и Ученик: Мухтар и Каюм» деген еңбегінде: «...Разговоры учителя и ученика, их переписка, их поездки-все ценно. Все, что они инициировали, обсуждали и создали в научном абаеведении, вошло в золотую сокровищницу казахского народа и стало духовно-культурной основой независимости. Учителя и ученик сохранили то наследие, которое долгие десятилетия запрещали тогдашние правители и идеологи сталинского режима» – деуі тегін емес [1, 134-б]. Шынында, М. Әуезов сынды ғасырларда бір өмірге келетін сирек таланттың әрбір сөзі, қалтарыста қалып қойған қарапайым қолжазбалары мен көпшілікке беймәлім екеуарада айтылған әңгімелерінің бәрі қазақтың тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне тікелей қатысты құнды ой-пікірлер болғандықтан міндетті түрде мұра ретінде жарық көруі тиіс.

Д.Мұхамедханнның «Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и Ученик: Мухтар и Каюм (қазақ және орыс тілдерінде)» атты еңбегінде былай дейді: «Интересное это занятие- изучение архива отца. Узнаешь правду о людях и событиях, читая записи и комментарии ученого к своим рукописям, а также к архивным документам, которые он впервые установил. Вот полная рукопись его диссертации на 636 листах машинописного и частично рукописного текста. Он написал ее еще в 1941 году. На титуле мы видим исправления, сделанные рукой М.Ауэзова, а запись Каюма поясняет: «М. Ауэзов прочитал всю диссертацию в 1941 году и своей рукой сделал в тексте правки». Под руководством М. Ауэзова Каюм начал исследовать новое научное направление о школе учеников Абая с 1939 года» [1, 132-б.]. Осы

деректің өзі М.Әуезовтің беймәлім қолжазбаларының мәтіндерін айналымға ендіріп отыр.

Кітаптың «Ұмытылмас ұлы адам» деген тарауында автор әке естілігін сол қалпында нарратологиялық мәтін ретінде береді:

«...Мұхтар Әуезовтің есімі ес білген бала кезімнен бастап, маған қанық еді. Жас шағымда көп көрген Мұханның жарқын бейнесі әлі қалам, қарындаш тимеген ақ қағаздай, бала көңілінде берік сақталып қалыпты. Бір күні біздің үй ішіміз: «Бүгін қонақ келеді. Сыйлы қонақтар келеді, Мұхтар келеді» – десіп, үй ішін реттеп, әзірленіп жатты. Балаға одан артық не қызық бар? Қонақ келсе, домбыра, гармон тартылады, ән шырқалады. Мәз-мейрам боласың да қаласың. Сөйтп, Мұханның үлкен бір топ жолдас, достарымен Жаңасемей қаласындағы біздің үйде қонақ болып, көңілді бір мәжіліс құрғаны әлі есімде. Ол кезде мен алты-жеті жастамын. Тегінде Мұхан Семейде тұрған жылдары жақын жолдастарымен бірге біздің үйде жиі болып тұрады екен.

Содан бір-екі жыл өткен соң, ұмытпасам, өзінің бір пьесасын театр сахнасына әзірлеу жұмыс-репетициясын біздің үйде өткізгені айқын есімде қалыпты. Мұхан өзі ұйымдастырған драма труппасының жұмысына белсене атсалысып жүретін талапкер жас азаматтар болатын. Солардың ішінде менің есімде қалғандары: бастауыш мектепте бізге сабақ берген мұғалімдеріміз – Ғалиақбар Төребаев, Өжен Махмутова (екеуі де қазір пенсияда, Семейде тұрады), мұғалімдер Дүйсебай Есенжолов (қазір Алматыда тұрады), Кәбір Махмұтов, бізбен көрші тұратын жас совет қызметкерлері: Кенжебек Құлғарин, Жүніс Сәлменов, Омар Бейсеновтер. Бұлардың бәрі де дүниеден қайтқан адамдар...

Содан бір-екі жыл өткен соң, жаз айында Мұханды мен өз елімізде Көкенде көрдім. Мұхан ол жылдар Ленинград университетінде оқитын жылы Қазақстан Оқу комиссариаты мен Білім кеңесі қазақша пьесаға бәйге жариялағанда, студент Мұхтар «Қарагөз» пьесасын жазып, бәйгеге жібереді, бірнеше бәйге алады және жеке кітап болып басылып шығады...» [2, 157-б.]. Осы шағын мәтінде М.Әуезовтің шығармашылық өмірбаянына да қатысты қаншама құнды деректер, драматургиялық шығармасындағы кейіпкерлерді сомдаған әуесқой әртістер, ұстазын ес кіріп адам танитын шақтағы алған әсері әке әңгімесі арқылы баяндалған.

Қайым Мұхамедхановтың мұрағаттанушы ретінде талантты Абай мен Мұхтарға қатысты қаншама құнды тарихи деректер мен қолжазбаларды табуға мүмкіндік бергенін, әсіресе М. Әуезов шәкірт кезіндегі жазған дәптерін, яғни қаламгердің қолтаңбасын тауып, ұлының ұрпағы, М. Әуезов мұражайының директоры болған көрнекті ғалым Ләйлә Мұхтарқызына табыстағаны жөніндегі дерек те құнды [3, 83-б.].

Сондай-ақ әкемен сондай бір сырласу сәтінде Қайым Мұхамедхановтың 1938 жылы 18–19 майда Жамбылдың 75 жылдығына орай жас ақындардың байқауына қатысып, поэмасын оқып, 1-ші орын алғаны, оған жыр алыбы Жамбылдың бата бергені, осы шарада М. Әуезовтің «Жамбыл шығармашылығы және қазақ поэзиясы» деген баяндамасын оқығаны, шәкіртінің жеңісіне қуанғаны жөнінде де жүрек жылытарлық жылы сөздер айтылады. 1939 жылғы 21–27 июнде өткен жазушылардың 2-ші съезіне қатысып ұстазының баяндамасын тыңдап, дәптеріне жазған әсерін баяндай келіп, мынадай мәлімет келтіреді: «23 июнь кешкі мәжіліс Абайдың өмірден өткеніне 35 жылға орай Мұхтар «Абай өмірі мен шығармашылығы» атты екі тілде баяндама жасады» [1, 85-б.]. Ұстазының әрбір сәтіне терең мән беріп бақылап отыратын шәкіртінің көңіліне қаяу түсірген сәт жөнінде де жазып отырғанын, олардың бәрі шәкіртің бей-жай қалдырмай оның себеп-салдарын іздеуге мәжбүрлегенін мына жазбалардан да байқауға болады: «1939 ж. 2 съезд. 27. VI қорытынды мәжіліс. Басқармасының жаңа құрамы. Мұхажок!» [1, 85-б.]. М. Әуезовтей ұлы суреткердің сағын сындырып, тізімнен алып тастау, елемеудің астарында оған деген тағы бір саяси соққының салқыны жатқанын сездіртеді. Неге деген сауал шәкіртінің жанына қаяу түсіріп, сол кездегі көңіл күйден хабар береді.

Қайым Мұхамедхановтың өзі мен қызы Динаны қатты жабықтырған тағы бір жай – 1951 жылы бір сандық болған М. Әуезов хаттарының ізім-қайым жоғалуы. Ол турасында автор: «...огромный пласт историко-культурного наследия стигнул в «гепэушных» архивах... Безрезультатным было и обращение по этому поводу К. Мухамедханова в 1981 голу в ЦК КП Казахстана» – деп нақты мәлімет келтіріп, әкесінің жазған хатынан үзінді береді: «...При моем аресте органами МГБ было изъято много книг из моей личной библиотеки, исторических документов, среди которых особую историческую ценность представляют письма М. О. Ауэзова, адресованные мне в годы его работы над эпопеей «Путь Абая». Для создания научно-творческой биографии М. О. Ауэзова, над которой я сейчас работаю, одним из важных исторических материалов и являются эти письма. Неоднократные мои попытки заполучить эти письма, начиная с 1955 года, не увенчались успехом...» [1, 85-б.].

Өйткені ұлы суреткердің «Абай жолы» роман-эпопеясын жазу барысындағы әрбір жазған хаты, сауалдары, әрбір деректі анықтау жөніндегі тапсырмалары сөз жоқ бүгінгі мұхтартану үшін үлкен олжа, рухани қазына байлық болары сөзсіз еді.

М. Әуезов мұражайының бұрынғы қызметкері, көрнекті абайтанушы, мұхтартанушы ғалым Мекемтас Мырзахметовтің: «Кезінде Мұхтар Әуезов Қайым Мұхамедхановқа жазған 60 хаты болған. Қайым Мұхамедханов

ұсталған кезде соның бәрін КГБ алып қойған... Негізі, бұларда «нулевой архив» деген болады. Соған салып қояды, оған ешкім кіре алмайды» – деген сөзіне сүйенер болсақ, әлі де ол мұрадан үмітімізді үзуге болмайтын сияқты [4]. Тіпті кейбір ғалымдардың айтуынша ол хаттардың саны 100-ге жетіп жығылуы әбден мүмкін. Бұл жөнінде автор өз былай жеткізеді: «Сейчас уже никто не ответит на вопрос, сколько было писем в той богатой по содержанию и обширной переписке. Цифры здесь не важны. Главное, было доверие и богатое общение этих людей. Письма могли бы углубить понимание творчества М. Ауэзова, об этом прежде всего думал верный ученик. А человеческое, научно творческое общение учителя и ученика укрепляет дух народа» [4, 90-б.].

Осы орайда кітаптағы «Научная точность и верность учителю» деген тараудағы фактілер көпшілікті қызықтыраы сөзсіз. Мәселен, 1967 жылғы М.Әуезовтің «Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер» атты еңбектің әрбір бетіне әріп қателерін, баспадан кеткен кемшіліктерді, басылымдардағы сәйкессіздіктерді түзген жолдардың көптігі Қайым Мұхамедхановтың ұстазының еңбегіне деген жанашырлықты, жауапкершілікті танытады [5]. Айталық, «Абай жайын зерттеушілерге» деген зерттеуіндегі түрлі белгілер, леп және сұрау белгілерінің көптігі, мәтіндегі анық емес деректерге түсініктемелер жазуы, өзінің ұсыныстарын жазуы, архивтік құжаттарды көрсетуі, оның ұқыптылығын, жауапкершілігін, өз мамандығына деген адалдығын танытса керек..

Кітаптың «Семей – культурная Мекке» деген тарауында 1940 жылы М. Әуезовтің қалаға кеп Қайымның үйінде айдан астам жатқаны, Абай музейі жөніндегі жұмыстармен жүргені баяндалып, шәкірттің ұстазы туралы естелігі беріледі: «...Менің Мұхтарды шын түсініп, оның айтқандарын аңғарып, ұғып, әңгімелесуге жараған шағым 1938–1940 жылдар еді. Бүгін Мұхтармен көп кездескен шақтарымның бір кезеңін ғана баян етпекпін. Сонда көрген, білген, естігендерімнің есте қалғандарын, асырмай да жасырмай, қысқаша болса да жазып көремін. 1940 жылы жазды күні июнь айында Семейге келген сапарында Мұхтар бірталай уақыт біздің үйде болды. Ол кезде біз Қызыл әскер көшесінде (65-і үй), қораның ішіндегі екі бөлмелі үйдің бір бөлмесінде тұратынбыз. Сол жылы Мұхтар Әуезов пен Леонид Соболев жазған «Абай» пьесасын Алматы драма театры сахнаға шығару әзірлігін жасап жатқан кезі еді. Пьесаны қоятын режиссер Асқар Тоқпановты және театр суретшісі Голубовты Мұхаң өзімен бірге Семейге ерте келіпті. Кейін «Абай» пьесасы сахнада қойылғанда Мұхаңның айтқандарын режиссер де, суретші де, артистер де айнытпай орындады. «Абай» пьесасы Алматы драма театрында тұңғыш қойылғанда мен Мұхаңның үйінде едім. Мұхаңмен бірге барып ойынды көрдік. Және сахнаның әрбір көрінісін, ойнаған артистерді

суретке түсіртіп алдық. Сол суреттердің бір-бір данасы өзіміздің Абай музейінің архивінде болса керек. Кейбіреулері өз қолымда да бар. «Абай» пьесасын қойып жүрген режиссерлер, театр суретшілері, артистер Мұханның осы өнегесінен үлгі алса ғой. Бірақ қазір оны елеп, ескеріп жүрген театр қайраткерлерін көре алмай жүрміз. Алматының үлкен театрларының сахнасынан жазды күні басына туырлықтай түлкі тымақ (қай елдің тымағы екенін тану қиын) киіп алып, оның екі құлағын қалқайтып жоғары қайырып байлап алып, Абай болып ойнап жүрген артисті көргенде, мынаны көрсе Мұхтар қайтер еді деген ойға қаласың...» [1, 92-б.]. М. Әуезовтің сол көйлегінің өзінің тарихы қандай, кім, қандай жағдайда сыйлады, ол неге украиндық қаусырма жағалы көйлек, неге оны тастамай іс сапарларда киіп жүрді, әлде бір украиндық досының сыйы болғандықтан еске алып қадірлейтін қасиетті киімі ме екен, мүмкін сол кезеңдегі жоқшылықтың бейнесін байқатар, өзге тәуірі болмағандықтан тастамай киді ме екен деген сауалдар өз-өзінен туындайды. «..Фархинұр келін Мұхтар ағасының киімдерін тазалап, жыртғы болса жамап-жасқап, Мұханның ерекше жақсы көретін украиндық қаусырма жағалы көйлегін жуып береді екен. Мұхат Қайыммен түскен суретіндегі көйлек сол», – деген Дәулет Сейсенбайдың «Ер қазақ» атты туындысындағы мына жолдар біздің сауалдарымызға азда болса жауап беретіндей. Жазушы кейін: «Талантты, талапты інім Қайымға. Сүйіспеншілік аға көңілмен: Мұхтар Әуезов» – деп өз қолтаңбасымен автограф жазған ол фотографияны Қайымға сыйлапты [6, 37-б.].

Ұстаз шәкіртінің әрбір сапарына қаншама қауырт жұмыстар жүктеп, тапсырмалар жинап қоятыны, келісімен қарбалас жұмыстар жүріп, ертеңге қалдырмайтын жедел жұмыстарды талқылап, бірлесе отырып, біраз жұмыстардың басын қайтарып отырған екен [7]. Шәкіртінің келгенде алаңсыз жұмыс жасауына мүмкіндік жасауға ынталы ұстазы 1941 жылдары үкіметтен үй сұрап, пәтер әпермек болғаны жөніндегі: «Министр перехал, и его квартира освободилась. А теперь езжай домой и привези семью сюда», – деген сөзін келтіруі де үлкен қамқорлықтың үлгісі болса керек [1, 94-б.]. Сол кезеңдері қазақтардың пәтерге қолы жете бермейтін кеңестік кезеңдегі қолдан жасалған қиянатынын еске алсақ М. Әуезовтің шәкірті үшін талай табалдырықты тоздырып, министр тұрған пәтерге қол жеткізуі, әрине оңай шаруа болмағанын байқатады. Өкінішке орай, сол кезде анасы Мақыпжамал (1882 ж) қайтыс болып, артынша соғыс басталып, 1941 жылы 22 июнде соғысқа шақырылуы салдарынан пәтерден қағылып, Алматыға жете алмауы ол да бір тағдырдың жазуы да болуы мүмкін. Сол 1941 жылы Семейге Мәскеуден татардың атақты суретшісі Баки Урманченің келгенін, соғыс салдарынан ол еліне жете алмай көп қиыншылық көргені,

М. Әуезовтің бейнесін сомдап тарихта қалғаны жөніндегі деректерді де әке әңгімесінен өрбітіп, біраз тарихи жағдайлардан сыр шертеді автор.

Қайым Мұхамедхановтың М. Әуезовтің әрбір келген Семейдегі сапарында қала, оның бұрынғы тұрғандарының тарихы туралы таусылмайтын шежіреге қанығатыны, оның бәрін өз дәптерлеріне түртіп жазып қоятыны жөнінде де қызғылықты фактілер келтіріп, бірнеше беттерге созылған нарратологиялық мәтіндер береді [8, 64-б.]. Алайда бүгінгі мұхтартану үшін ол шежіренің бәрі маңызды болғанымен еңбектің көлемі көтермейтіні белгілі. Сондықтан ықшамдап беруді мақұл көрдік. Мұхтар Әуезов бейнебір өлкетанушы маман секілді Семейдегі әр үйдің, әр көшенің тарихын терең біледі екен. Олардың көпшілігі жазушы шығармаларында орын алып, кейіпкерлерінің прототиптері болғаны да аз емес екендігін аңғартады. Қайым әкесінің әңгімесінде М. Әуезовтің бір сапарындағы айтылған сыр назар аудармай қоймайды. Мәселен, бір сапарындағы суреткердің Больничная (сол кездегі аты) 62-үйдің жанынан өткенде, сол үйде атақты татар артисі, әнші Мариям Камская тұрғанын, өзінің де кезінде пәтер жалдағанын, Әбіш, Әбдірахман, Кәкітай, Мұқа, Мағауия т.б тұрғанын соншалықты сағынышпен әдемі әсермен әңгімелеп, талай тарихтан сыр таратқанын баяндайды. Ол жөнінде Қайым Мұхамедханов «Жүрекке ыстық орындар» [9] деген телехабарда кеңінен баяндағаны, кейіннен ол фильм Жәнібек Мұхамедхановтың режиссерлігімен М. Әуезовтің 125 жылдығында қайта редакцияланып, экранға шыққаны жөнінде деректер беріледі [10, 94-б.].

Мұрағаттанушы Дина Мұхамедхан әкесінің жеке мұрағатындағы М. Әуезовпен шығармашылық байланысы 1937 жылы басталып, 1951 жылдарға дейінгі кезеңіне ерекше мән беріп, әрбір қолжазбадағы мәтіндерден мысалдар ала отырып, әрбір кездесудің тарихын түгендеуге, ондағы әдеби фактілерді толықтыруға, Қайымның қолжазбаларындағы деректерді анықтауға мән береді [11, 11-б.]. Егер де осы мұрағаттағы қолжазбалар әдебиетшілер мен мұхтартанушылардың қолына түсер болса бұдан кең мағынадағы мол мәліметтерге, бүгінгі абайтану мен мұхтартануға тікелей қатысты көптеген тың тарихи деректерге кездесер ме едік, кім білсін [12]. Ол енді келешектегі қайымтанушы ғалымдардың үлесінде болуы керек шығар. Дина секілді жанашыр, рухани іздеушісі бар да Қайым Мұхамедхановтың қолжазбалары, мұрағатындағы құжаттар мен материалдар болашақты ұлттың рухани қазынасына айналары да ақиқат.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ ҒСБК 2024–2026 жж. АР23488634 – «Түркі мәдениетіндегі М. О. Әуезов әлемі» негізінде жазылды.

Қорытынды

Ұстазының әрбір еңбегіндегі ойды, ғылыми тұжырымдарды, Д. Мұхамедханның «Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и Ученик: Мухтар и Каюм (қазақ және орыс тілдерінде)» атты еңбегінде алғаш рет жарияланып, ғылыми айналымға енген беймәлім мұралар осы мақалада кеңінен талданды. Сонымен бірге былайғы жұрт, тіпті М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын өмір бойына зерттеген зерттеушілердің өздері де біле бермейтін тарихи фактілер, суреткердің ішкі сезімдері мен көңіл күйлері, толғаныстары мен ойлары, ешкімге тіс жарып айта бермейтін құпия сыры да осы мақалада шәкірті Қайым Мұхамедхановтың зерттеулері мен жазбалары негізінде зерделенді.

Мұхтартанудың әлі де белгісіз беттері Қайым Мұхамедхановтың музей қорына тапсырған сирек кездесетін кітаптар мен фотосуреттер, газеттік, журналдық жинақтар, қаралмаған қолжазбалар негізінде табылып, жарияланып, іздеушісі табылса талай құнды құжаттар мен әдеби мұралар ғылыми айналымға енері анық. Олардың бәрі М. Әуезов сынды сирек кездесетін суреткердің, көрнекті абайтанушының өлмес, өшпес мәңгілік мұрасының әлі де зерттелер қыры мен салаларының мол екендігінен мағлұмат береді. Қазақстан Жазушылар одағының халықаралық Абай және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлықтарының алғашқы лауреаты, «Семей» мемлекеттік университетінің профессоры атағы да, ең алдымен, осы кісіге берілді. Және Алматыдағы Абай атындағы мемлекеттік университетінің тұңғыш құрметті профессоры атанған Қайым Мұхамедханов қазақ әдебиеттану ғылымында көрнекті ғалым, абайтанушы, мұхтартанушы, шәкәрімтанушы ретінде танылып, мойындалған тарихи тұлға.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Мұхамедхан, Д.** Ұстаз бен шәкірт : Мұхтар мен Қайым. Учитель и ученик. – Алматы : Курсив, 2023. – 336 б.

2 **Қунаев, Д.** Мухтар Ауэзов и взаимосвязь литератур. – Алматы : Полиграфкомбинат, 2021 – 424 б.

3 **Әуезова, З.-А.** Актуальность, опыты и проблемы историко-культурной интерпретации : казахский-русский-английский. М. О. Әуезовтің туғанына 120 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми симпозиум материалдары. – Алматы : Print express, 2018. – 492 б.

4 **Мырзахметов М.** Мұхтар Әуезов – абайтанушы ғұлама. «Алаш айнасы», 4 қараша, 2010

5 **Әуезов, М.** Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. –Алматы : Атамұра, 2010. – 391 б.

6 **Сейсенұлы, Д.** Ер қазақ: деректі хикаяттар, екі бөлімді драма және сұхбат-әңгімелер. – Алматы : Полиграфкомбинат, 2020. – 392 б.

7 **Omarova, A., Kaztuganova, A., Sultanova A., Tatkenova, S., Kdyrniyazova, Z.** (2020) M. O. Auezov and Musical Art of Kazakhstan in the Coordinates of the Global World// Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, (Scopus) – Vol. 12. <https://doi.org/10.21659/rupkatha.v12n5.rioc1s24n5>

8 **Пірәлі, Г. Ж., Құрманбаева, А. П. М.** Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тарихи деректердің зерттелуі. – Алматы : «Керуен» журналы, № 1(74) 2022: 63–74. <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/356/130>

9 «Жүрекке ыстық орындар» <https://www.youtube.com/watch?v=J79vsEe5UM4/> – Семей ТВ, 2010.

10 **Әуезов, М.** Әр жылдар ойлары. – Алматы : «Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет» баспасы, 2011. – 554 б.

11 **Barthes, R.** The death of the author [Text]. – London : Fontana, 2017. – 142–148 p.

12 **Мамедов, Н. Т.** Творчество Мухтара Ауэзова : от традиции и новаторству. – Баку : Восток-Запад, 2019. – 216 с.

References

1 **Muhammedkhan, D.** Ustaz ben shakirt: Mukhtar men Kaiym. Uchitel' i uchenik [Teacher and student: Mukhtar and Kayim]. – Almaty : Kursiv, 2023. – p. 336.

2 **Kunaev, D.** Mukhtar Auehzov i vzaimosvyaz' literatur [Mukhtar Auezov and the interrelation of literature]. – Almaty : Poligrafkombinat, 2021 – p. 424.

3 **Auezova, Z.-A.** Aktual'nost', opyty i problemy istoriko-kul'turnoj interpretacii : kazakhskij-russkij-anglijskij [Relevance, options and problems of historical and cultural interpretation: Kazakh-Russian-English]. Materials of the international scientific symposium dedicated to the 120th anniversary of the birth of M. O. Auezov. – Almaty : Print express, 2018. – p. 492.

4 **Myrzakhmetov M.** Mukhtar Auezov – abaitanushy gulama. «Alash ainasy», 4 November, 2010

5 **Auezov, M.** Abai Kunanbaev. Articles and research. – Almaty : Atamura, 2010. – p. 391.

6 **Seisenuly, D.** Er kazakh: derekti khikayattar, eki bolimdi drama zhane sukhbat-angimeler [Strong kazakh : documentary stories, two-part drama and interview stories]. – Almaty : Poligrafkombinat, 2020. – p. 392.

7 **Omarova, A., Kaztuganova, A., Sultanova A., Tatkenova, S., Kdyrniyazova, Z.** M. O. Auezov and Musical Art of Kazakhstan in the Coordinates of the Global World // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, (Scopus) – Vol. 12. 2020. <https://doi.org/10.21659/rupkatha.v12n5.rioc1s24n5>

8 **Pirali, G. Zh., Kurmanbaeva, A. P.** M. Auezovtin «Abay zholy» roman-ehpopeyasyndagy tarikhi derekterdin zerttelui [The study of historical data in M. Auezov's epic novel «The Way of Abai»]. – Almaty : The journal «Keruen», № (74) 2022: P. 63–74. <https://keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/356/130>

9 «Zhurekke ystyk oryndar» [«Hot spots for the heart»]. Semei TV, 2010. <https://www.youtube.com/watch?v=J79vsEe5UM4>

10 **Auezov, M.** Ar zhyldar oilary [Thoughts of different years]. – Almaty : Publishing house «Kazak memlekettik korkem adabiet», 2011. – p. 554.

11 **Barthes, R.** The death of the author [Text]. – London : Fontana, 2017. – p. 142–148.

12 **Mamedov, N. T.** Tvorchestvo Mukhtara Auezova : ot traditsii i novatotstvui [Mukhtar Auezov's creativity: from tradition and innovation]. – Баку : Восток-Запад, 2019. – p. 216.

28.06.24 ж. баспаға түсті.

16.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**К. К. Мадихбаева¹, Д. А. Қунаев², Ш. М. Амирбаева³*

^{1,2,3}Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 28.06.24.

Поступило с исправлениями 16.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

ЦЕННОЕ НАСЛЕДИЕ, ВНЕСЁННОЕ В МУХТАРОВЕДЕНИЕ

В этой статье рассматривается богатое наследие выдающегося абаоведа, мухтароведа, ученого Каюма Мухамедханова, ранее неизвестного и не опубликованного. Исследования Каюма Мухамедханова в истории мухтароведения не вошли в специальный научный оборот, хотя ранее они публиковались на страницах прессы. Неизданное, хранящееся в личном архиве ученого, богатое наследие, включающее ценные исторические данные, архивные материалы и нарратологические тексты, относящиеся к Мухтарову,

только в последние годы стало доступно благодаря трудам Дины Мухамедхан, дочери ученого и возглавляющей общественный фонд «Центр образования и культуры имени Каюма Мухамедханова». Одним из свидетельств этого является книга Дины Мухамедхан «Учитель и ученик: Мухтар и Каюм. Учитель и учитель: Мухтар и Каюм» (на казахском и русском языках). Пересмотр и фильтрация ценных рукописей в архиве, систематизация, публикация и изучение лучших трудов в современной области абаеведения, алашведения, шакаримоведения и мухтароведения – одна из важнейших задач современного мухтароведения. Ценные данные о жизни и творчестве великого художника, хранящиеся в личном архиве К. Мухамедханова, лежат в основе современных исследований в казахском литературоведении и мухтароведении.

В статье рассматривается мир научных дискурсов, нарратологических текстов, новых исторических данных и архивных документов, которые до сих пор были неизвестны широкой литературной и научной среде.

Ключевые слова: рукопись, мухтароведение, литературоведение, архив, музей, нарратология.

*К. К. Madibayeva¹, D. A. Kunayev², Sh. M. Amirbayeva³

^{1,2,3}M. O. Auezov Institute of Literature and Art,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 28.06.24.

Received in revised form 16.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

A VALUABLE HERITAGE CONTRIBUTED TO MUKHTAR STUDIES

This article examines the rich legacy of the outstanding Abai scholar and Mukhtar researcher, Kayum Mukhamedkhanov, which was previously unknown and unpublished. Although Kayum Mukhamedkhanov's studies in Mukhtar studies had been published in the press, they had not been incorporated into specialized academic discourse. The unpublished materials stored in the scholar's personal archive – a rich legacy that includes valuable historical data, archival materials, and narratological texts related to Mukhtar – have only recently become accessible thanks to the efforts of Dina Mukhamedkhan, the scholar's daughter and the head of the public foundation «Kayum Mukhamedkhanov Education and

Culture Center» One of the testaments to this is Dina Mukhamedkhan's book «Teacher and Student: Mukhtar and Kayum. Teacher and Teacher: Mukhtar and Kayum» (in Kazakh and Russian). The revision and filtering of valuable manuscripts in the archive, the systematization, publication, and study of the best works in the modern fields of Abai studies, Alash studies, Shakarim studies, and Mukhtar studies are among the most important tasks of contemporary Mukhtar studies. The valuable data on the life and work of the great artist stored in K. Mukhamedkhanov's personal archive form the basis of contemporary research in Kazakh literary studies and Mukhtar studies.

The article explores the world of scientific discourses, narratological texts, new historical data, and archival documents that have until now been unknown to the wider literary and academic community.

Keywords: manuscript, Mukhtar studies, literary studies, archive, museum, narratology.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz